

## **Қазақ мемлекеттік аграрлық университетін құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 11 сәуірдегі N 422

Агроөнеркәсіп кешені үшін жоғары және орта арнаулы білім беруді одан әрі жетілдіру, оқу орындарының ғылыми-педагогикалық әлеуетін және материалдық-техникалық базасын тиімді пайдалану, мамандарды даярлаудың сапасын жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің Қазақ ауылшаруашылығы институтын Қазақ мемлекеттік аграрлық университеті етіп қайта құру және Алматы мал дәрігерлік институтын таратып оның материалдық-техникалық базасын, оқу шаруашылықтарын, басқа да бюджеттік және шаруашылық есептік бөлімшелерін жаңадан құрылған университетке беру туралы Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен және Қаржы министрлігімен келісілген ұсынысы қабылдансын.

Алматы су шаруашылығы колледжі, Талғар ауыл шаруашылығы колледжі және Талғар ауыл шаруашылығын механикаландыру колледжі заңдық мәртебелері мен қаржыландыру көздері сақталып Қазақ мемлекеттік аграрлық университетінің құрамына енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі Қазақ мемлекеттік аграрлық университетінің Жарғысы мен құрылымын бекітсін, мамандықтар тізбесін айқындап, тиісті әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастырсын.

3. Қазақстан Республикасының білім министрлігі, Алматы қаласы мен Алматы облысының әкімдері қайта ұйымдастырылған жоғары оқу орындарына және оның құрамына енгізілген арнаулы орта оқу орындарына бөлінген қаржы шегінде олардың құрылымдарын оңтайландырудан үнемдеуді ескеріп Қазақ мемлекеттік аграрлық университетін қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі